

ХАТТАМА №7

Құлсары қаласы

Уақыты: 01.03.2022 жылы, сағат 10:00
Откен орны: Құлсары қаласы, Жастар үйі
Ұйымдастырушы: «Жылжыойгаз» ЖШС

Қатысқандар:

1. Жакашев Г.М - Жылжыойгаз ЖШС директоры
2. Берлеуова С - ГКККЖБ бастығы
3. Утаров С - өндірістік техникалық бөлім инженері
4. Сулайменова Ш - экономист
5. Аудандық мәслихаттан – Таласов С

Күн тәртібі:

1. Өлеуметтік желілерде газ бағасына қатысты туындал жатырган халықтың сұрағына ашық сұхбат түрінде жауап беру, жалпы серіктестіктің қызметі бойынша ақпарат жеткізу.

Ашық сұхбатты Жылжыойгаз ЖШС директоры бастап, әлеуметтік желідегі түрлі ақпараттарға қатысты халықпен кездесуді жоспарлап, бүгін алдарынызға келіп отырмыз деді және «Жылжыойгаз» ЖШС қызметіне қысқаша тоқталды.

Одан кейін, кездесуге жиналған тұтынушылардан келесідей сауалдар, ұсыныс пікірлер түсті. Оған «Жылжыойгаз» ЖШС директоры мен мамандары жауап берді.

Нурланов Е- халықты көп жүргізбей тех условиені неге онлайн заявка түрінде қабылдамайсыздар, монтаж жұмысын Құлсарыгаз ЖШС-нен өзге лицензиясы бар кез келген адамға жасатуға құқылы емеспіз бе деп сауал қойды.

Төремұратов А - Техникалық қамту жұмыстарының сапасына сын айтты. Техникалық қамту жұмысы қажет, бірақ жұмысы соған сай жасалуы керек, егер жұмысты дұрыс жасамаса актке қол қоймауымызға бола ма деген сауал қойды. Газды қосу, құжаттандыру мәселесін, қызметкерлерініз түсіндірме жұмысын халыққа дұрыс бере алатындей етіп, жақсы тәртіпке көшу керек. Газовыйдың жиналысы деп бір күнді белгілеп, соны халық билетіндей үрдіске енгізіндер жылына бір рет не 2 рет халықты жинап, өкпе ренішті тындал, халыққа ашық болыңыздар және жұмыста ішкі тәртіпті қалыптастырыңыздар, бір он өзгеріс енгізу керек деді.

Қайшыбаев М – аудан әкімін неге шақырмайсыздар, менің мәселем счетчик жөнінде, кәсіпкермін банкет залым, базаларым бар. Сіздер жасап тұрған счетчикті жасатпай тастайсыздар деп ренішін жеткізді. Техникалық қамту жұмыстарының ақысы қымбат деді.

Саменов А – счетчикті тексерту қызметіне қатысты, монтаж қызметі бойынша, оның ішінде шарттағы жасалмаған жұмысқа алдын-ала ақша алуға қатысты өзінің сауалын қойды. Сонымен қатар, көшедегі газ линиясының сары түспен сырланбағанын да тілге тиек етті.

Беркалиев И – техникалық қамту қызметінің ақысының тарифи қайdan құралады. Сіздер айтып отырған прейскурантты қайдан көреміз, договор артында ондай прейскурант жоқ деді. Ай сайын келіп жасаса бір жөн, 3 айда бір келетін 15 минуттік жұмысқа 60 000 теңге аласыздар. Ал, аяқ асты газ кетсе оған қосымша ақша сұрайсыздар деді.

Кездесудің қорытынды бөлігінде мәслихат хатшысы С.Таласов сөз алғып, Сіздер де халықсыздар, Жылжылайгаз де сол халықтың бірі. Кез келген мәселені ортақ келісіммен шешкен дұрыс деді.

Халықтың атынан сөйлеген тұрғын Төрекұратов А жасалған жұмысты жасалды деп айтайды, төпей берудің қажеті жоқ деп келтірді.

Кездесуді Жылжылайгаз ЖШС директоры Г.Жакашев қорытындылап, газ бағасын түсіруге жұмыстанып жатырғандығын, ол туралы тиісті хаттардың жолданғандығын көпшілікке жеткізді. Сонымен қатар, әрбір жиынның хаттамаға енгізіліп, шарасы алынатындығын, күн тәртібіндегі газ бағасына қатысты өзгеріс болса, оның бәрі халыққа уақытылы хабарланатындығын жеткізді және жиналған көпшілікті 1 наурыз алғыс айту күнімен құттықтады.

Отырыс төрағасы:

«Жылжылайгаз» ЖШС директоры

Жакашев Г.М

Отырыс хатшысы:

Заң кенесшісі

Кусаинова Н